

**Орта Азия сәндік-қолданбалы өнері:  
кешегі, бүгінгі, ертеңгі**

**Декоративно-прикладное искусство  
Центральной Азии:  
прошлое, настоящее, будущее**

**Arts and crafts of Central Asia:  
Past, present, future**



## МАЗМҰНЫ

Әбдікәрім Б. ҰЛТТЫҚ САЗДЫ АСПАПТАРДЫҢ БІРІ «ҚОБЫЗ» .....	6-12
Аташ Б. О., Амангелдина А. ТАҢСЫҚБАЕВ ШЫҒАРМАНЫЛЫҒЫНДАҒЫ «КӨШІП КЕЛУ» ТУҮНДІСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛИКТЕРИ .....	13-18
Базарбаев А., Сейсембиеv Н., Батырбаева А., Амирхожаева Д .....	19-25
АЗИЯ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ Батырбекова Ұ. ДӘСТУРЛІ КИЗ БҮЙЫМДАРЫН ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРМЕН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ .....	26-31
Ивнева А. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТУРЛЕРІ МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҒЫ .....	32-38
Каримов Б. ПУТЬ СОХРАНЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ И ЯЗЫКОВОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА ПОСРЕДСТВОМ ПРЕВРАЩЕНИЯ ЯЗЫКА АБАЯ В МИРОВОЙ ЯЗЫК .....	39-46
Кибикова В. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ОРЫС ТІЛІ .....	47-52
Крыкбаева С., Сейдуллаева М. ҚАЗАҚҰЛТТЫҚОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢТАНЫМДЫҚМАЗМҰНЫ .....	53-60
Мұқатова А. ҚАЗАҚ КІЛЕМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЙМАҚТАРЫҚ ЕРЕКШЕЛИКТЕРИ .....	61-67
Нұрлаева Б., Әмірқожаева Д., ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	68-75
Тәкіжбаева Н. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫ: ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАСЫ .....	76-83

## СОДЕРЖАНИЕ

Абдикарим Б. НАЦИОНАЛЬНЫЙ МУЗЫКАЛЬНЫЙ ИНСТРУМЕНТ «ҚОБЫЗ» .....	6-12
Аташ Б. О. ТАНСЫҚБАЕВА НА ТВОРЧЕСТВО “КОЧЕВЬЕ” ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ-ЭСТЕТИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЯ .....	13-18
Базарбаев А., Сейсембиев Н., Батырбаева А., Амирхожаева Д .....	19-25
<b>ОБЩИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ГОРОДОВ АЗИИ</b>	
Батырбекова У. ТРАДИЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ИЗГОТОВЛЕНИЯ ВОЙЛОКОВ НАЦИОНАЛЬНЫМ ОРНАМЕНТОМ .....	26-31
Ивнева А. ТРАДИЦИИ ГОСТЕПРИИМСТВА У НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ Кибикова В. РУССКИЙ ЯЗЫК В СТРАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ .....	32-38
Каримов Б. ПУТЬ СОХРАНЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ И ЯЗЫКОВОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА ПОСРЕДСТВОМ ПРЕВРАЩЕНИЯ ЯЗЫКА АБАЯ В МИРОВОЙ ЯЗЫК .....	39-46
Крыкбасева С., Сейдуллаева М. СОДЕРЖАНИЕ ПОЗНАВАЕМОСТИ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОРНАМЕНТОВ .....	53-60
Мукатова А. КАЗАХСКИЕ КОВРЫ И ИХ РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ .....	61-67
Нурлаева Б., Амирхожаева Д. ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСТАНА .....	68-75
Такижбаева Н. РЕГИОН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПОНЯТИЕ И ОПРЕДЕЛЕНИЕ .....	76-83

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Живопись. Скульптура.-Алматы:НИЦ Гылым 2002.
2. Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-колданбалы өнс колледжі.-Алматы, 2012.
3. Ким Е. Орал Таңсықбаев. Альбом.-Алматы: Өнер, 2004.

### **АЗИЯ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

19-25

**А.Базарбаев,**  
СТБ-12-1к топ студенті,  
**Н.Сейсембиеv,**  
СТБ-12-2к топ студенті,  
**А.Батырбаева,**  
т.г.к.  
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университеті  
**Д.Амирхөжаева,**  
т.ғ.к., доцент  
Халықаралық Бизнес Академиясы (Алматы к., Қазақстан)

Мақалада әлемдік қалалардың жалпы экологиялық проблемалары қарастырылады. Ең таза және лас қалалардың рейтингісін анықтау үшін судың тазалығы мен қол жетімділігі, қалдықтарды жинау деңгейі, канализациялық құбырлар ахуалы, ауаның ластану дәрежесі және транспорттық проблемалар, шу деңгейі ескерілген.

**Кілттік сөздер:** қалалар, тазалық, ластаушы заттар, рейтинг.

### **ОБЩИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ГОРОДОВ АЗИИ**

**А.Базарбаев,**  
СТБ-12-1 к топ студенті,  
**Н.Сейсембиеv,**  
СТБ-12-2 к топ студенті,  
**А.Батырбаева,**  
т.ғ.к.  
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университеті  
**Д.Амирхөжаева,**  
т.ғ.к., доцент  
Халықаралық Бизнес Академиясы (Алматы к., Қазақстан)

В статье рассматриваются общие экологические проблемы городов мира. В рейтинге для определения самых экологически чистых городов мира выделены такие параметры, как доступность и чистота воды, тщательность уборки мусора, состояние канализационных сетей, уровень загрязнения воздуха и

*транспортные проблемы, уровень шума в городах.*

**Ключевые слова:** города, чистота, загрязняющие вещества, рейтинг.

## COMMON ECOLOGICAL PROBLEMS OF CITIES OF ASIA

*A.Bazarbaev*

Group STB 12-1 k

*N.Seisenbiev*

Group STB 12-1 k

*A.Batyrbaeva*

Candidate of technical science

Kazakh National Technical university behalf K.I. Satbaev

*D.Amirhozhaeva.*

Candidate of technical science, docent

International Business Academy (Almaty, Kazakhstan)

*In article the common environmental problems of the cities of the world are considered. In a rating for definition of the most environmentally friendly cities of the world such parameters, as availability and purity of water; care of cleaning of garbage, a condition of sewer networks level of air pollution and transport problems, noise level in the cities are allocated.*

**Key words:** the cities, the purity, polluting substances, a rating.

Экокалашыктар. Қазіргі заманғы қала тұрғынының тіршілік табиғаттан байланысын үзген. Кім таңғы уақытта құстарды шырылын естіп, күннің атқанын немесе батқанын тамашала алады. Таза ауа мен мөлдір озен, айнала тып-тыныш, жұлдызды аспан мен айлы жол сүрлсүі – осының бәрі қала тұрғыны үшін кол жетпес байлық. Ірі қалалар стресс, экологиялық ластану және күй жалғыздығының орталығы болып қала бермек. Біреулер осы күбылыс аясынан шыға алмаса, екінші біреулер демалыстары саяжайда немесе саяхаттау арқылы откізеді. Осы пайда болған тырысыктан шығудың жаңа жолын табуға тырысатын адамдар тоби да бар – экологиялық қалашыктарды тұрғызады.

Осыған орай, XIX ғасырдың аяғында индия басшысының “соңғы балық ауланын және соңғы ағаш кесілген кездес ғана адамда

ақшанын жеуге жарамсыз екенін түсінеді” деп айткан сөзі есімізге келеді.

Улкен ірі қалалар – адамзат прогрессіне тән срекшеліктерінің бірі, еңбек өнімділігі әлдеқайда жогары, материалдық және рухани ресурстар жетік түрде пайдаланылды, мәдениет, ғылым мен білім белсенді түрде дамыған. Сондықтан, үлкен ірі қалалар соңғы жүз жылдықта басқа қалалық мекендермен салыстырылганда тез дамуда. Алайда, осы ірі қалалардың табиғатқа, мегаполистер – ірі қалалардың тұрғындары - адам организміне қалай әсер етуін мән берсек [1].

Қазіргі уақытта антропогеніді ластаушылар көздерінің жалпы қуаты көптеген жағдайларда табиғи көздер қуатынан асып түсүде. Мысалы, азот оксидінің табиғи көзінен жылына 30 млн т азот тасталыса, ал антропогеніді көзден - 35-50 млн т тасталынады; сәйкесінше күкірт диоксидінен жуықтап алғанда, 30 млн т және 150 млн т тасталынады еken. Адамның іс-әрекестінің нәтижесінде биосфераға табиғи ластаушыларына қараганда 10 сец артық мөлшерде қорғасын түседі екен.

Тылсым сырға толы табиғат жайлы сөз болғанда қай-қайсымында таң қалатынымыз анық. Көздің жауын алатын сұлтулықты, жанғашипа таза ауа мен осімдігі, мінездері күбылмаған жан-жануарларды айтсаңызшы. Алайда, осынау байлыкты каншалықты бағалап жатырмыз. Американың Mercer Human аналитикалық үйімі зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде әлемнің ең лас 10 қаласымен катарап, жер жүзіндегі ең таза қалаларды анықтады [2]. Әлемнің 221 қаласы зерттелінген болатын. Таза қалалардың катарапын анықтаған кезде ауаның ластану дәрежесі, канализациялық жүйенін ахуалы, қоқыс калдықтарының болмауы, ауыз суының таза болуы сияқты факторлар тексерілді. Сондай-ақ, экологиялық ахуалы жаксы ері таза қалаларда тұратын халықтың мәдениеттілігі, этикалық тәрбиссе, тұрмыс деңгейі ескерілген. Таза қалалардың көшін Канада жерінде орналаскан Калгари қаласы бастауда. Бұл аймақтың климаты континентальды. Қоршаган орта мен ауа ластануының дәрежесі ете төмен. Қала тұрғындары ауыз су мен электроЕнергияны үнемді пайдаланады.

### 1. Калгари, Канада

Қала тұрғындарының саны 1 100 000. Бұл аймақтың климаты континентальды. Қоршаган орта мен ауа ластануының дәрежесі

өтсө төмсн. Қала тұрғындары ауыз су мен электроэнергияны үнсем пайдаланады.

#### 2. Гонолулу, Гавайи штаты, АҚШ

Халық саны 377 000. Тропикалық климаты бар Гонолулуға жы сайын туристер келеді. Бұл өзгелерді таза қөшелерімен, жағымд ауасымен тартады. Гонолулу туристік мекендерімен катар, мәден іс-шараларымын танымал.

#### 3. Оттава, Канада

Биікгі 114 метрге жететін Оттава қаласы Аппалачи тауыны баурайында орналасқан. Халық саны 1 174 000. Климаты қоңыржай континетальды.

#### 4. Хельсинки, Финляндия

Жартасты мекенде орналасқан Хельсинки қаласында шамамен 299 000 адам тұрады. Климаты қоңыржай континентальды.

#### 5. Веллингтон, Жаңа Зеландия

Халық саны 431 400-та жететін Веллингтон қаласы вулкан шыққан айлактың онтүстік-батысында орналасқан. Бұл жерде жижи дауылды желдер согады. Субтропикалық теңіз климатты.

#### 6. Миннеаполис, Миннесота штаты, АҚШ

Миннеаполистің климаты континетальды. Халық саны – 502 891. Бұл қалада қолжетімді бағаға мүлік сатып алуға болад. Сондай-ақ, қала тұрғындарының тұрмыс деңгейі өте жоғары.

#### 7. Аделаїда, Оңтүстік Австралия, Австралия

Аделаїда қаласы теңіз деңгейінен 50 метр жоғары биіктік орналасқан. Аумағы 870 шаршы шақырым. Теңіз климатты бұл қаланың тұрғындарының саны 1 138 800.

#### 8. Копенгаген, Дания

Дат елінің Копенгаген қаласының климаты қоңыржай. Халық саны 548 443.

#### 9. Кобе, Жапония

Бұл қалада кеңінен танымал ірі компаниялардың штаб-пәтерлер орналасқан. Атап айтсақ, ASICS, Daiei, Kawasaki Heavy Industries, Kawasaki Shipbuilding Co., Mitsubishi Motors, Mitsubishi Heavy Industries, Mitsubishi Electric, Kobe Steel, Sumitomo Rubber Industries TOA Corporation т.с.с. Халық саны 1 538 840.

#### 10. Осло, Норвегия

Халық саны 590 041. Осло қаласын «жастар қаласы», “студентте

қаласы” деп атайды. Бұл қалада жыл сайын шамамен 73 000 студент жоғары білім алады. Ал жұмыс басты жандардың көбі Осло қаласының шткі аймағында өмір сүреді.

**Әлемнің ең лас он қалалары.** Адам дәнсаулығына кері әсерін тигізетін шахарлардың көрүсін басында:

#### 1. Чернобыль, Украина

1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр станциясында сынақ кезіндегі үлкен жарылыс салдарынан 30 адам қаза болып, 135 000 адам қауіпсіз аймақта кошірілген. Бұл жарылыс салдарынан қала мен жақын аймактарға кең көлемде радиация таралды. Чернобыль қаласындағы жарылыс - бүкіл әлемдегі си үлкен ядерлық апат. Қаланың экологиялық ахуалы шамамен 5,5 миллион адамға залал келтірген.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: радиактивті йод, ауыр металлдар, уран, плутоний, стронций.

Қаланы зиянды заттардан тазарту жұмыстары әлі күнге дейін жүргізілуде.

#### 2. Дзержинск, Ресей

Дзержинск – Ресейдің химиялық өнеркәсіп орталығы. Бұл қалада соғыс кезінде химиялық қару-жарақ шығаратын. Жергілікті қоршаған ортаны корғау агенттігінің хабарлауы бойынша зиянды заттардың 190 тоннасы жер асты су арналырына құйылған. Бұл қалада тұратын ер-азаматтардың өмір сүретін орташа жасы 42, әйел азаматтарының өмір сүретін орташа жасы 47. Коршаған ортаның ластануынан 300 000 адам зардал шеккен.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: зарин, иприт, льюисит, фосген, органикалық химикаттар, көгерткіш қышқыл, қорғасын.

Жергілікті билік басшылары болашақта жер асты су арналарына тазартқыш фильтр орнатуды жоспарлауда.

#### 3. Хайна, Доминикан Республикасы

Байос де Хайна деген атымен кеңінен танымал бұл аймақ табигаты автомобиль аккумуляторын шығаратын зауыт қалдықтарынан нашарланған. Әсіресе, қорғасын өндіруден шыққан қалдықтар жергілікті тұрғындардың дәнсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Хайна өнірінің тұрғындары қорғасынмен катты уланғандықтан, сәбілдер іштеп кем туылып, үлкен кісілер психикалық ауруларға душар болады екен.

Қаланы ластайтын зиянды зат: корғасын. Шамамен 85 000 адам зардап шеккен.

#### 4. Кабве, Замбия

Замбия астанасы Лусака қаласының солтүстігінен 150 шакырыштықта жатқан Кабве қаласы көзба байлыктармен кеңінен танымал. 1902 жылы бұл қалада корғасын кен орны табылған. Қаланың ауыр металлдармен ластану деңгейі қажетті шамадан 4 есек. Қала тұрғындары бұлшықет атрофиясы мен созылмалы бүйрек ауруларына жи шалдығады. Шамамен 250 000 адам ауыр металдармен уланған.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: қорғасын, кадмий.

#### 5. Ла-Оройа, Перу

Перудың шахтер қаласының тұрғындары 1922 жылдан бері жергілікті зауыттардың қалдықтарынан зардап шегуде. Ла-Оройа өнірінде туылатын балалардың қанындағы қорғасын мөлшер шамадан тыс, ал жергілікті тұрғында токсикологиялық аурулар душар болады. Бұл аймактың есімдіктері қышқыл жаңбырлардың салдарынан жойылған. 35 000 адам зиянды заттарда уланған.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: қорғасын, жез, мырыш.

#### 6. Линьфынь, Қытай

Қытайдың ең лас қаласы. Бұл оңірде көмір өндіріледі. Алайда көмірдің жоғары сұраныска ие болуы заңсыз шахталардың ашылуын жол берді. Зауыттардан шыққан қалдықтардың салдарынан жергілік тұрғындар бронхит, өкпен қабыну, оба ауруларына жи шалдығады. Дүниежүзілік деңсаулық сақтау мекемесінің мәліметі бойынша бұл өнір ауасындағы қос қышқылды құкірт мөлшері шамадан тыс. Шамамен 200 000 адам улы заттардан зардап шегеді.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: қорғасын, күл, көмірткек органикалық химикаттар.

#### 7. Майлу-Суу, Қырғызстан

1948 жылы Майлу-Суу өзенінің ангарында уран өндірумен айналысадын кен орны жұмыс істей бастады. 1968 жылы Майлу-Суу қаласының маңындағы уран ондірістің екі комбинат жабылды. Алайда, бұл аймакта әлі күнге дейін радиоактивті қалдықтар сақталған. Сел, су көшкіні кезінде бұл қалдықтар басқа аймактарда таралады. Бұл өнірдің тұрғындары онкологиялық ауруларга жи шалдығады. Шамамен 23 000 адам улы заттардан зардап шегуде.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: ауыр металл, радиоактивті уран.

#### 8. Норильск, Ресей

Ресейдің ең лас қалаларының бірі. Бұл аймакқа жауган қар бірденсін қараяды, ал ауадағы құкірт мөлшері шамадан тыс. Норильск қаласында бір жылда 4 миллион тонна жез, кадмий, қорғасын, никель, мырыш, күшән, селен т.с.с металлдар балқытылады. Өндірістен шыққан қалдықтардың салдарынан 134 000 адам зардап шеккен.

#### 9. Ранипет, Үндістан

Үндістанның Ранипет қаласы бывары зауыттарымен кеңінен танымал. Алайда, зауыттан шықкан натрий хроматы, хром сульфаты т.с.с химикалық қалдықтардың 1500000 тоннасы жер асты су арналарына құйылды, коршаған ортанды ластайды. Бұл қалдықтардың салдарынан 3 500 000 адам уланған.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: химиялық қалдықтар

#### 10. Рудная Пристань, Ресей

Бұл аймакта қауіпті қорғасын концентрациясы кеңінен таралған. Балалардың қанындағы қорғасын мөлшері шамадан 20 есек көп. Атмосферага жыл сайын 85 тонна мырыш пен қорғасын бөлшектері таралады. Салдарынан 90 000 адам уланған.

Қаланы ластайтын зиянды заттар: қорғасын, кадмий, синап.

Корыта келгенде, айтқымыз келетіні: әлемге апортымен танымал болған онтүстік астанамыз – Алматы шахарының лас қалалардың тізіміне кірмеуін қамтамасыз етіп, жұрт тамсанатын таза қалалардың көшін бастау.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исмаилов Р.Экологически эффективное строительство. Зеленые стандарты в мире и России. / Экоменеджмент, Москва, 22 кантар, 2013 ж.

2. Сұлтанқызы С. Биік елде тұрғындардың санасы, тазалықпен алға озады қаласы. /Астана акшамы, сайт, 17 сәуір 2012 ж.